

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YIHJ2907>***Д. А. Кожас**

Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-1306-7249>*e-mail: kapar.dina@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИАДИСКУРСТАҒЫ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕ: ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ДИСКУРСИВТІК ТАЛДАУ

Мақалада қазақстандық медиадискурстағы ұлт бейнесі лингвомәдени және дискурсивті талдау тұрғысынан қарастырылады. Ғаламдану және цифрлық трансформация жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда, мәдени құндылықтарды көрсету мен қоғамдық пікірді конструктивациялауда маңызды рөл атқарады. Қазақстандық БАҚ-та ұлт бейнесін қалыптастыруда қолданылатын тілдік құралдарға, сондай-ақ медиадискурсқа әсер ететін саяси, әлеуметтік және мәдени факторларға ерекше назар аударылады. Мақалада ұлт бейнесін жасауға ықпал ететін дискурсивті стратегиялар, риторикалық тәсілдер мен лексикалық маркерлер талданады. Зерттеу қазақстандық жетекші БАҚ материалдарына, сондай-ақ телевизиялық және цифрлық медианың талдауына негізделген. Мақалада ұлттық бояуы бар лексиканың, метафоралық конструкциялардың, нарративтік стратегиялардың және идеологиялық астарлардың қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Медиадискурстың қоғамдық сана қалыптастырудағы рөлі және ұлттық бірегейлікті қабылдауға ықпалына баса назар аударылады. Сонымен қатар, медианың ұлттық стереотиптерді күшейту немесе өзгерту үдерісіндегі ықпалы зерттеледі. Зерттеу нәтижелері лингвистика, журналистика, медиаанализ және мәдениетаралық коммуникация саласындағы мамандарға пайдалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстанның тіл саясатын, ұлттық дискурстың эволюциясын және оның қоғамдық пікірге тигізетін ықпалын зерттеу тұрғысынан өзекті болып табылады. Ұсынылған тұжырымдар БАҚ-тағы ұлттық

бірегейліктің көрінісін тереңірек түсінуге және медиадағы дискурсивті тәсілдердің рөлін бағалауға көмектеседі.

Кілтті сөздер: медиадискурс, ұлттық бірегейлік, БАҚ, лингвомәдени талдау, дискурсивті стратегиялар, риторикалық тәсілдер, идеологиялық импликациялар.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Медиадискурс тек ақпарат тарату ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды, тарихи жадты және мәдени мұраны репрезентациялау, жаңғырту және тарату алаңы ретінде қызмет етеді. Қазақстандық медиадискурста ұлттық бейне түрлі дискурсивті стратегиялар, лингвомәдени элементтер мен риторикалық тәсілдер арқылы көрініс табады.

Ұлттық бейненің медиадағы көрінісін зерттеу – өзекті әрі маңызды мәселе. Өйткені БАҚ-та ұсынылған ақпарат халықтың ұлттық сана-сезіміне, қоғамдық пікірдің қалыптасуына және жалпы мәдени өрістің дамуына әсер етеді. Осы зерттеудің мақсаты – қазақстандық медиадискурстағы ұлттық бейненің лингвомәдени және дискурсивтік ерекшеліктерін талдау, оның қалыптасуында қолданылатын тілдік құралдар мен дискурсивті стратегияларды анықтау.

Зерттеу барысында қазақстандық жетекші БАҚ-та жарияланған материалдар, сонымен қатар телевизиялық және цифрлық медиа өнімдер қарастырылды. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін лексикалық, стилистикалық және идеологиялық тәсілдерге ерекше назар аударылды.

Материалдар мен әдістері

Бұл мақалада қазақстандық медиадискурстағы ұлттық бейненің қалыптасуы мен репрезентациясын лингвомәдени және дискурсивтік талдау негізінде қарастыру мақсат етілді. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер қолданылды, сондай-ақ түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер кешенді түрде талданды [1, 21-б.].

Зерттеу материалы ретінде төмендегілер пайдаланылды:

- Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары: республикалық деңгейдегі газеттер мен онлайн-платформалар (Egemen Qazaqstan, Kazinform, Tengrinews, Informburo және т.б.).

- Телевизиялық және сандық медиа өнімдер: жаңалықтар, аналитикалық бағдарламалар мен сұхбаттар (Qazaqstan, Khabar, Atameken Business арналарынан).

- Әлеуметтік медиа контенті: әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікірталастар, блогерлер мен сарапшылардың ұлттық бірегейлік туралы жазбалары.

- Ғылыми еңбектер мен аналитикалық зерттеулер: медиадискурс, ұлттық бірегейлік және лингвомәдениет тақырыбындағы зерттеулер.

Бұл материалдар медиадағы ұлттық бейненің репрезентациясын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері

1 Дискурсивті талдау

- БАҚ материалдарында ұлттық бейнені қалыптастыруға ықпал ететін дискурсивті стратегиялар анықталды.

- Ұлттық бірегейлікке қатысты идеологиялық және риторикалық тәсілдер қарастырылды.

2 Лингвомәдени талдау

- Ұлттық сипатқа ие лексикалық бірліктер, метафоралар, символдық мәнге ие сөздер зерттелді.

- Тілдік құралдардың мәдени-тарихи контексте қалай қолданылатыны қарастырылды.

3 Контент-талдау

- БАҚ-та ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда жиі қолданылатын негізгі тақырыптар мен сөздер жиілігі зерттелді.

- Медиадискурстың динамикасы мен өзгеру тенденциялары сандық және сапалық тұрғыда талданды.

4 Салыстырмалы әдіс

- Қазақстандық медиадискурстағы ұлттық бейне басқа елдердегі медиаконтентпен салыстырылып, ерекшеліктері айқындалды.

Жүргізілген әдістемелік талдау қазақстандық медиадискурстың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге және оның қоғамдық санаға тигізетін ықпалын бағалауға мүмкіндік берді [2, 29-б.].

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері қазақстандық медиадискурста ұлттық бейненің қалыптасуы мен көрініс табуында бірнеше маңызды фактордың рөл атқаратынын көрсетті:

1 Лингвомәдени ерекшеліктер

- БАҚ-та ұлттық бояуы бар лексиканың белсенді қолданылуы анықталды. Бұл сөздер көбінесе тарихи, мәдени және этникалық ерекшеліктерді бейнелейді.

- Қазақ тіліндегі метафоралық құрылымдар ұлттық бірегейлікті нығайтуда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Мәңгілік ел», «рухани жаңғыру» сияқты ұғымдар ұлттық идеяның дискурсивті құралы ретінде қызмет етеді.

2 Дискурсивті стратегиялар

– Қазақстандық медиада ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында нарративтік стратегиялар кеңінен қолданылады. Тарихи оқиғаларды қайта жаңғырту, ұлттық қаһармандар бейнесін насихаттау арқылы ұлт тұтастығы идеясы алға тартылады.

– Диалогтық және полемикалық дискурстар да жиі кездеседі. Олар ұлттық мәселелерді талқылауға ықпал етіп, әртүрлі пікірлердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

3 Идеологиялық және әлеуметтік факторлар

– БАҚ-тағы ұлттық бейне мемлекеттің тіл саясатына, тарихи жадыны жаңғырту бастамаларына және ұлттық құндылықтарды насихаттауға тікелей байланысты.

– Сонымен қатар, жаһандану үрдістері медиадискурстың мазмұнына әсер етеді. Қазақстандық медиада ұлттық бірегейлікпен қатар, заманауи құндылықтар мен халықаралық интеграция мәселелері қатар көрініс табады [3, 93-б.].

Жалпы, зерттеу қазақстандық медиадискурстың ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. БАҚ-та қолданылатын тілдік және дискурсивтік тәсілдер ұлттық сананы нығайтуға ықпал еткенімен, кейбір жағдайларда ұлттық стереотиптерді қалыптастыру қаупін де тудырады. Осыған байланысты, болашақ зерттеулерде медиадискурстың динамикасы мен оның қоғамға ықпалын тереңірек қарастыру қажет [4, 29-б.].

1 Дәстүрлі БАҚ-тағы ұлттық дискурс

Қазақстандағы ресми газеттер мен телеарналар ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік саясатты қолдап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Ресми ақпараттық агенттіктер ұсынған жаңалықтарда елдің тарихи мұрасы, мәдени ерекшеліктері мен ұлттық идеясы басым рөл атқарады [5, 139-б.].

Бұқаралық ақпарат құралдарының бұл сегментінде ұлттық бірегейлік көбінесе мемлекеттің саяси-әлеуметтік ұстанымдарына сәйкес қалыптасады. Сондықтан дәстүрлі медианың негізгі аудиториясы мемлекеттік саясатты қолдайтын азаматтардан құралады.

Дәстүрлі БАҚ-та ұлттық дискурстың негізгі ерекшеліктерінің бірі – мемлекет жүргізетін ақпараттық саясаттың бірізділігі. Ақпараттың берілу формасы ресми стильге негізделіп, ұлттық құндылықтар мен патриотизмді насихаттау басым болады [6, 35-б.].

Сонымен қатар, дәстүрлі БАҚ-та сарапшылардың пікірі жиі беріледі, бұл ақпараттың ресми және сенімді қабылдануына ықпал етеді. Олар ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін көтеріп, мәдени мұра мен тарихи сабақтастықты насихаттайды.

2 Жаңа медиадағы ұлттық дискурс

Онлайн-басылымдар мен әлеуметтік желілер дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда әртүрлі көзқарастарды қамтиды. Бұл платформаларда балама пікірлер мен қоғам талқылаулары кеңінен орын алады. Блогерлер мен тәуелсіз журналистер ресми БАҚ ұсынбайтын мәселелерді көтеріп, қоғамдағы түрлі көзқарастарды қалыптастыруға әсер етеді. Жаңа медиа платформаларында ақпараттың таратылуы жылдам әрі қолжетімді. Көптеген блогерлер мен тәуелсіз журналистер ұлттық мәселелерді әртүрлі қырынан қарастырып, қоғамның сындарлы пікір білдіруіне ықпал етеді [7, 157-б.].

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі ұлттық дискурс көбінесе интерактивті түрде жүреді. Қолданушылар посттарға пікір қалдырып, түрлі көзқарастарды талқылайды. Бұл медиакеңістіктегі плюрализмнің артуына ықпал етеді.

Жаңа медианың тағы бір ерекшелігі – заманауи форматтар мен мультимедиялық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану. Мысалы, видеоблогтар мен подкасттар ұлттық дискурсты жастар аудиториясына жақындатудың тиімді әдісі болып табылады [8, 88-б.].

3 Медиадискурстың қоғамға ықпалы

Қазіргі заманғы медиадискурс қоғамдық пікірді қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Дәстүрлі және жаңа медианың айырмашылықтарын ескере отырып, ұлттық бірегейліктің медиадағы көрінісін талдау маңызды. Мысалы, белгілі бір саяси оқиғаларға қатысты БАҚ ұстанымы мен әлеуметтік желілердегі қоғамдық реакцияның айырмашылықтары байқалады.

Қазіргі қоғамда ақпараттың қабылдануы оның ұсынылу тәсіліне байланысты. Медиадискурс ұлттық бірегейлікті қалыптастырып қана қоймай, оны дамытуға да үлес қосады. Бұл процесс дәстүрлі және жаңа медианың өзара әрекеттесуіне тікелей байланысты [9, 129-б.].

Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиада ұлттық дискурс әртүрлі бағытта өрбісе де, олардың ортақ мақсаты – қоғамның ұлттық құндылықтар туралы хабардарлығын арттыру. Бұл тұрғыда ақпараттық саясаттың тиімділігі мен медианың жауапкершілігі маңызды рөл атқарады.

Жалпы, медиадискурс қоғамның ойлау жүйесіне әсер етіп, ұлттық бірегейліктің сақталуына ықпал ететін басты құралдардың бірі болып қала береді. Оның тиімділігі қоғамдық пікірдің ашықтығы мен плюрализм деңгейіне байланысты анықталады [10, 13-б.].

Қорытынды

Қазақтандық медиадискурстағы ұлттық бейне – күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Ол тарихи, саяси, әлеуметтік және мәдени факторлардың ықпалымен қалыптасады және ұдайы өзгеріп отырады. Жүргізілген

зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұлттық бірегейлік бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі дискурсивті стратегиялар, лингвомәдени элементтер мен риторикалық тәсілдер арқылы бейнеленеді.

Медиадискурста ұлттық бейнені қалыптастыруда тілдің айрықша рөлі бар. Қазақстандық БАҚ-та ұлттық бояуы бар лексика, символдық мәнге ие метафоралар, тарихи сілтемелер және идеологиялық импликациялар белсенді қолданылады. Бұл құралдар ұлттық сана мен бірегейлікті нығайтуға бағытталғанымен, кей жағдайда белгілі бір стереотиптерді қалыптастырып, қоғамдық пікірге ықпал етуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан медиадискурсының ұлттық бірегейлікті көрсету мен оны қалыптастырудағы әлеуетін ашып көрсетті. БАҚ ұлттық құндылықтарды насихаттаудың, мәдени мұраны дәріптеудің және қоғамдағы интеграциялық үдерістерді дамытудың маңызды құралына айналып отыр. Алдағы уақытта медиадискурстың динамикасын, оның жаһандық ақпараттық ағымдармен байланысын және жаңа медиа технологиялардың ықпалын тереңірек зерттеу қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Гермашева, Т. М.** Исследование лингвистических и паралингвистических характеристик блог-дискурса. Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2010. – С. 150–155.

2 **Васильева, С. Л.** Особенности жанра комментария в русском и английском дискурсе : сопоставительный аспект // Молодой ученый. – 2013. – № 2. – С. 207–210.

3 **Морослин, П. В.** Язык Интернета как объект лингвистических исследований // Russian Journal of Linguistics. – 2009. – С. 10–17.

4 **Abusa'aleek, A.** Internet Linguistics : A Linguistic Analysis of Electronic Discourse as a New Variety of Language // International Journal of English Linguistics. – 2015. – № 5(1). – P. 173–185.

5 **Abdullina, L. R., Latypov, N. R.** Online News Comments of the E-discourse : a framesemantic approach // The Turkish Online Journal of Design, Art and Communication, Special Edition. – 2017. – P. 16–25.

6 **Mitra, A., Watts, E.** Theorizing Cyberspace : the Idea of Voice Applied to the Internet Discourse. New Media & Society. – 2002. – № 4(4). – P. 479–498.

7 **Provine, R. R., Spencer, R., Mandel, D.** Emotional expression online : Emoticons punctuate website text messages // Journal of Language and Social Psychology. – 2007. – № 26 (3). – P. 299–307.

8 **Filatova, O., Volkovskii, D.** The online discourse as a form of e-Participation : the experience of internet discourse research // Proceedings of the 13th International Conference on Theory and Practice of Electronic Governance. – 2020. – № 3(1). – P. 326–333.

9 **Ушаков, А. А.** Интернет-дискурс как особый тип речи // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2 : Филология и искусствоведение. – 2016.

10 **Pavlova, N., Grebenshchikova, T., Afinogenova, V., Zachiosova, I., Kubrak, T.** Intentional space of post-event discourse on various internet sites // *Psikhologicheskii zhurnal*. – 2015. – № 41(3). – P. 78–91.

References

1 **Germasheva, T. M.** Issledovanie lingvisticheskikh i paralingvisticheskikh harakteristik blog-diskursa [Research of linguistic and paralinguistic characteristics of blog discourse] // *Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. I. Gercena* [Izvestia of the Russian State Pedagogical University. A. I. Herzen]. – 2010. – P. 150–155.

2 **Vasilieva, S. L.** Osobennosti zhanra kommentariya v russkom i anglijskom diskurse: sopostavitelnyj aspekt. [Features of the genre of commentary in Russian and English discourse: a comparative aspect] // *Molodoy uchenyj* [Young scientist]. – 2013. – № 2. – P. 207–210.

3 **Moroslin P. V.** Yazyk Interneta kak objekt lingvisticheskikh issledovanij [The language of the Internet as an object of linguistic research] // *Russian Journal of Linguistics*. – 2009. – P. 10–17.

4 **Abusa'aleek, A.** Internet Linguistics : A Linguistic Analysis of Electronic Discourse as a New Variety of Language // *International Journal of English Linguistics*. – 2015. – № 5(1). – P. 173–185.

5 **Abdullina, L. R., Latypov, N. R.** Online News Comments of the E-discourse : a framesemantic approach // *The Turkish Online Journal of Design, Art and Communication, Special Edition*. – 2017. – P. 16–25.

6 **Mitra, A., Watts, E.** Theorizing Cyberspace : the Idea of Voice Applied to the Internet Discourse // *New Media & Society*. – 2002. – № 4(4). – P. 479–498.

7 **Provine, R. R., Spencer, R., Mandel, D.** Emotional expression online: Emoticons punctuate website text messages // *Journal of Language and Social Psychology*. – 2007. – № 26 (3). – P. 299–307.

8 **Filatova, O., Volkovskii, D.** The online discourse as a form of e-Participation : the experience of internet discourse research // Proceedings of the 13th International Conference on Theory and Practice of Electronic Governance. – 2020. – № 3(1). – P. 326–333.

9 **Ushakov A. A.** Internet-diskurs kak osobyj tip rechi [Internet discourse as a special type of speech] // Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta [Bulletin of the Adyghe State University]. Seriya 2 : Filologiya i iskusstvovedenie. – 2016.

10 **Pavlova, N., Grebenshchikova, T., Afinogenova, V., Zachiosova, I., Kubrak, T.** Intentional space of post-event discourse on various internet sites // Psikhologicheskii zhurnal. – 2015. – № 41(3). – P. 78–91.

13.03.24 ж. баспаға түсті.

16.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Д. А. Кожас*

Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 13.03.24.

Поступило с исправлениями 16.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОБЛИК В КАЗАХСТАНСКОМ МЕДИАДИСКУРСЕ: ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ И ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ

В статье рассматривается образ нации в казахстанском медиадискурсе с позиций лингвокультурного и дискурсивного анализа. В условиях глобализации и цифровой трансформации средства массовой информации играют ключевую роль в формировании национальной идентичности, репрезентации культурных ценностей и конструировании общественного мнения. Особое внимание уделяется языковым средствам, используемым в казахстанских СМИ для формирования образа нации, а также влиянию политических, социальных и культурных факторов на медиадискурс. В статье анализируются дискурсивные стратегии, риторические приемы и лексические маркеры, способствующие созданию национального образа.

Исследование основано на материале публикаций ведущих казахстанских СМИ, а также на анализе телевизионных и цифровых медиа. Рассматриваются особенности употребления национально маркированной лексики, метафорических конструкций, нарративных стратегий и идеологических импликаций. Делается акцент на медиадискурсе как инструменте формирования общественного

сознания и влияния на восприятие национальной идентичности. Кроме того, исследуется влияние медиа на укрепление или трансформацию национальных стереотипов. Результаты исследования могут быть полезны специалистам в области лингвистики, журналистики, медиаанализа и межкультурной коммуникации. Кроме того, работа актуальна в контексте изучения языковой политики Казахстана, эволюции национального дискурса и его влияния на общественное мнение. Представленные выводы позволяют глубже понять отражение национальной идентичности в СМИ и оценить роль дискурсивных стратегий в медианпространстве.

Ключевые слова: медиадискурс, национальная идентичность, СМИ, лингвокультурный анализ, дискурсивные стратегии, риторические подходы, идеологические импликации.

**D. A. Kozhas*

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 13.03.24.

Received in revised form 16.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE NATIONAL IMAGE IN KAZAKHSTANI MEDIA DISCOURSE: A LINGUOCULTURAL AND DISCURSIVE ANALYSIS

The article examines the image of the nation in Kazakhstani media discourse from the perspective of linguistic and cultural as well as discourse analysis. In the context of globalization and digital transformation, mass media play a key role in shaping national identity, representing cultural values, and constructing public opinion. Special attention is given to the linguistic means used in Kazakhstani media to shape the nation's image, as well as the political, social, and cultural factors influencing media discourse. The article analyzes discourse strategies, rhetorical techniques, and lexical markers that contribute to the formation of a national image.

The study is based on materials from leading Kazakhstani media outlets, as well as an analysis of television and digital media. It examines the use of nationally marked vocabulary, metaphorical constructions, narrative strategies, and ideological implications. The focus is on media discourse as a tool for shaping public consciousness and influencing perceptions

of national identity. Additionally, the impact of media on reinforcing or transforming national stereotypes is explored.

The research findings may be useful for specialists in linguistics, journalism, media analysis, and intercultural communication. Furthermore, the study is relevant in the context of analyzing Kazakhstan's language policy, the evolution of national discourse, and its influence on public opinion. The presented conclusions provide a deeper understanding of the representation of national identity in the media and help assess the role of discourse strategies in the media space.

Keywords: media discourse, national identity, mass media, linguistic and cultural analysis, discursive strategies, rhetorical approaches, ideological implications.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz